

"2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 шілдедегі № 152 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 244 қаулысы

Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 шілдедегі № 152 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2 – қосымшалары осы қаулының 1, 2 – қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Жамбыл облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Е. Қарашөкеев

Жобаны ұсынушы:

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының басшысы

Н. Оршубеков

Жамбыл облысы әкімдігінің
2025 жылғы "_2_" желтоқсандағы
№ 244 қаулысына 1-қосымша

2025-2026 оқу жылына жоғары білімі бар (бакалавриат) кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

--	--	--	--	--	--

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)	Оқу жылында 1 студентті оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу (толық оқу)	
					ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	6 В 1 0 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету	6 В 1 0 1 Денсаулық сақтау	В086 Жалпы медицина	7	1 230 700	1 218 300
2	6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6 В 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	В010 Физика мұғалімдерін даярлау	4	1 139 200	1 008 100
		мұғалімдер даярлау	В 0 0 9 Математика мұғалімдерін даярлау	4	1 139 200	1 008 100
3		В 0 0 1 Педагогика және психология	В 0 0 1 Педагогика және психология	4	1 139 200	1 008 100
4	6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	В027 Театр өнері	1	1 209 300	1 055 900
5		6 В 0 2 2 Гуманитарлық ғылымдар	В033 Дінтану және теология	7	1 209 300	1 055 900
6	6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6В082 Мал шаруашылығы	В078 Мал шаруашылығы	3	933 600	831 800
	Барлығы			30		

Жамбыл облысы әкімдігінің
2025 жылғы "2 " желтоқсандағы
№ 244 қаулысына 2-қосымша

2025-2026 оқу жылына жоғары орнынан кейінгі (резидентура) білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

--	--	--	--	--

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)	Оқу жылында 1 студентті оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу (толық оқу)	
				ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	7R09 Денсаулық сақтау	Акушерия және гинекология (оның ішінде балалар гинекологиясы)	4	1 939 900	1 398 900
2		Анестезиология және реаниматология (оның ішінде балалар анестезиологиясы және реаниматологиясы)	3	1 939 900	1 398 900
3		Дерматовенерология ересектердің, балалардың	1	1 939 900	1 398 900
4		Жалпы хирургия	1	1 939 900	1 398 900
5		Жақ-бет хирургиясы (оның ішінде жақ-бет хирургиясы балалардың)	1	1 939 900	1 398 900
6		Кардиология	1	1 939 900	1 398 900
7		Кардиология (оның ішінде кардиология балалардың)	1	1 939 900	1 398 900
8		Неврология ересектердің, балалардың	2	1 939 900	1 398 900
9		Неонатология	1	1 939 900	1 398 900
10		Балалар хирургиясы	1	1 939 900	1 398 900
11		Онкология (ересектердің)	2	1 939 900	1 398 900

12		Оториноларингология ересектердің, балалардың	3	1 939 900	1 398 900
13		Офтальмология	2	1 939 900	1 398 900
14		Офтальмология (оның ішінде офтальмология балалардың)	1	1 939 900	1 398 900
15		Радиология	5	1 939 900	1 398 900
16		Травматология - ортопедия (оның ішінде травматология - ортопедия балалардың)	1	1 939 900	1 398 900
17		Фтизиатрия ересектердің, балалардың	1	1 939 900	1 398 900
	Барлығы		31		